

BI GROUP

Қарағанды

# ARMAN TOWN

A блогы
**Comfort +**

B, F блогы
**Comfort Lite**

# МАЗМҰНЫ


4 Бигвилль туралы

5 Орналасқан жері

8 Маңыздының барлығы жаныңызда

12 Сәулетші

14 Comfort+

- Comfort+ архитектурасы
- Comfort+ оңаша ауласы
- Comfort+ дәліздерінің сәнді интерьері
- Сіздің Comfort+ пәтеріңіз

21 Comfort Lite

- Comfort Lite архитектурасы
- Comfort Lite жабық ауласы
- Comfort Lite дәліздерінің сәнді интерьері
- Сіздің Comfort Lite пәтеріңіз

27 Көгалдандыру

29 Жөндеу жасалған пәтерлер

34 Ақылды технологиялар

35 Жайғастыру шешімдері

36 Функциялы үй-жайлар

37 Бизнеске арналған үй-жайлар

38 Ипотека және онлайн сатып алу

40 BI Service және бақыт министрлігі

42 BIG App мобильді қолданбасы

43 BI Club бейілдік бағдарламасы




# БИГВИЛЛЬ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бигвилль — «қала ішіндегі қала», жайлы және толыққанды өмір сүруге арналған тұрғын кеңістіктің заманауи тұжырымдамасы. Мұнда табиғат пен қалалық орта үйлесім тауып, өмір сүруге, жұмыс істеуге және демалуға қолайлы жағдай жасайды.

Бигвилльде қажет нәрсенің бәрі: тұрғын үйлер, жұмыс кеңістіктері, коммерциялық және қоғамдық аймақтар, сондай-ақ дамыған әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы қарастырылған.

**Қарағанды баяу оянады.**

Біреулер таңғы жүгіруге шығады, біреулер баласын балабақшаға апарады, енді біреулер жұмысқа асығады — мұның бәрі үйден бірер адым жерде. Мұнда таң таза ауадан басталып, іргедегі кофеханадан жаңа қайнатылған кофенің хош иісі аңқып тұрады. Кешке аулада балалар ойнайды, көршілер бір-бірінің атын атап амандасады, ал терезелерден жұмсақ жарық төгіледі — әркім өз ырғағымен, бірақ бәрі бір үлкен қалада өмір сүреді.

# БИГВИЛЛЬ ТУРАЛЫ

Arman Town — бұл бигвилль.

Үй пәтер табалдырығымен шектелмей, аулалармен, саяжолдармен және өмір сүруге арналған кеңістіктермен жалғасатын формат.

Бұл — отбасыңыздағы ең маңызды сәттерге арналған үлкен, қауіпсіз әрі мейірімді әлем. Мұнда көршілер достарыңызға айналады, балалар жабық аулада алаңсыз ойнайды, ал әр кешіңіз тыныштық пен қауіпсіздікке толы болады.

Arman Town тұрғын үй кешенінде тұрғын үйдің екі санаты ұсынылған — Comfort Lite және Comfort+. Сіз жайлылық деңгейін таңдайсыз, ал өмір салты бір — қамқорлық, қауіпсіздік және отбасына арналған кеңістік.

Серуендейтін саяжол, ойын хабы, кафелер мен мейрамханалар, демалуға және адамдармен араласуға арналған орындар — жылы, ыңғайлы және нағыз қалалық өмір үшін барлық жағдай жасалған.

Arman Town: үйде болған — бақыт.

**COMFORT + / COMFORT LITE**
Тұрғын үй санаты

**6 га**
Бигвилль аумағы

**2028**
Толық жүзеге асырылатын мерзімі



# ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Arman Town Қарағандының оңтүстік-шығысында, Мұқанов және Бөкетов көшелерінің қиылысында орналасқан.

Жақын маңда балабақшалар, мектептер, ауруханалар мен емханалар — отбасының жайлы өмірі үшін қажет нәрсенің бәрі бар.

3 мин
М. Жұмабаев атындағы гимназия

5 мин
Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-лицей

3 мин
Академик Е.А. Бөкетов атындағы университет

15 мин
NormaN супермаркеті

3 мин
Magic CO

5 мин
«БУМ» СО

6 мин
Жеңіс саябағы

5 мин
Балабақшалар

4 мин
Республика скверi



# ЖЕКЕ ОЙЫН ХАБЫ ЖӘНЕ ЖЕЛЕКЖОЛ

Ойын хабы — белсенді ойындарға, спортқа және дамуға арналған заманауи кеңістік. Көп функциялы алаңдар футбол, баскетбол және басқа да командалық ойындарға өте қолайлы. Мұқият ойластырылған аймақтар мен қауіпсіз жабын әртүрлі жастағы балалар мен жасөспірімдерге жайлы орта қалыптастырады. Бұл — белсенді өмір салты қалыптасып, әр күніңізге жарқын әсер сыйлайтын орын.

Arman Town желекжолы — жобаның орталық қалалық көшесі, ол серуендеуге, кездесулерге және белсенді өмір сүруге арналған. Кең тротуарлар, жасыл желекті саяжолдар және мұқият ойластырылған абаттандыру жаяу жүргіншілер мен тұрғындарға жайлы орта жасайды. Мұнда отбасымен серуендеуге, жақындармен уақыт өткізуге немесе қарбалас күннен кейін тыныштықтан ләззат алуға болады.






# ЭЛЕКТРМЕН ҚУАТТАНДЫРУ СТАНЦИЯСЫ

Сіздің жайлы үйіңіздің жанында электромобильдерді қуаттандыру станциясы болады, станцияны ұзақ іздеп жүрмей, автокөлігіңізді өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта қуаттандыра аласыз. Электромобиліңізді қосып, уақытыңызды шынымен маңызды нәрселерге арнаңыз.







# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## Білім аумағы

Arman Town білім инфрақұрылымына жақын орналасқан. Балалардың білім алуы мен дамуына қолайлы жағдай жасалған мектептер, гимназиялар және қосымша білім беру орталық-тары қол созым жерде орналасқан, көлікпен баруға да ыңғайлы.

### Үйдің жанында:

- №23 мектеп
- М. Жұмабаев атындағы гимназия
- №5 мектеп-қосымша білім беру орталығы
- №15 жалпы білім беретін мектеп
- С. Саттаров атындағы мектеп-лицей
- №2 арнайы мектеп-интернат
- Назарбаев зияткерлік мектебі

Оқу күнделікті өмірдің ыңғайлы бөлігіне айналады, ұзақ жол жүріп, артық уақыт жұмсаудың қажеті жоқ.

# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## Білім аумағы

Бигвилль Қарағандының жетекші колледждері мен университеттеріне жақын орналасқан, мұнда оқу өмірдің табиғи бөлігіне айналады.

Ұзақ жол жүріп, көлік кептелістеріне уақыт жұмсамай, оқуға және дамуға өте ыңғайлы.





Қарағанды жоғары колледжі, Қарағанды IT және бизнес колледжі, Қарағанды көлік-технология колледжі, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі және академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университеті жақын маңда орналасқан.

Оқу орындары жақын болғанда, әр күн мүмкіндіктерге толы болады. Студенттер оқып-дамып үлгереді, ата-аналар балаларының қауіпсіздігіне сенімді, ал отбасылар қол созым жерде орналасқан қала өмірінің барлық артықшылықтарын сезінеді.

# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## Балабақшалар

Алғашқы қадамдар, алғашқы достар және алғашқы жаңалықтар — бәрі үйдің жанында. Arman Town тұрғын үй кешенінің айналасындағы балабақшалар балаларды күнделікті апаруға ыңғайлы.

«Алтын Өркен», Teddy, «Еркетай», «Қуаныш», «Балақай» және басқа да балабақшалар үйдің дәл жанында — таңертең ешқайда асықпайсыз, ұзақ жолға уақыт жоғалтпайсыз.

Балабақша жақын жерде болғанда, балалық шақ тыныш өтеді, ал күндер қуанышқа толы болады.





# МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

## Денсаулық пен қамқорлық жаныңызда

Arman Town тұрғын үй кешенінде отбасыңыздың денсаулығын қолдау әрдайым қолжетімді. Емханалар мен медицина орталықтары жақын жерде орналасқан, қажет кезде көмек әрдайым жаныңыздан табылады.

№3 емхана, №15 емхана, Orhun Medical, «Мерей» және басқа да аудандық мекемелер жақын маңда орналасқан.

Дәрігерге әр барғаныңызда асығу мен артық қарбалас болмайды. Осылайша, сіз жақындарыңызбен бірге көбірек уақыт өткізе аласыз, ал олардың қауіпсіздігіне деген сенімділік күнделікті өміріңіздің бір бөлігіне айналады.



# НҰРЛАН ҚАМИТОВ

## Бас сәулетші

Нұрлан Қамитов — қазақстандық сәулетші, RIBA Корольдік британдық сәулетшілер институтының құрметті мүшесі, AIA Американдық сәулетшілер институтының мүшесі, Мәскеудегі Халықаралық сәулет академиясының (IAAM) профессоры және корреспондент-мүшесі, Алматы және Астана қалаларындағы Қала құрылысы кеңестерінің мүшесі.

Нұрлан Қамитов негізін қалаған Ink Architects компаниясы — Қазақстандағы ең ірі толық циклды жобалау компанияларының бірі. Нұрлан Қамитовтың басшылығымен және тікелей қатысуымен жұмыс істейтін сәулетшілер тобы 20 жыл ішінде 9,8 млн шаршы метрден астам көп функциялы кешендер мен тұрғын үй кешендерін, қонақүйлер мен мәдениет нысандарын, қоғамдық және коммерциялық кеңістіктерді жобалаған. Бұл — 600-ден астам жоба. Компания штатында 100 адам жұмыс істейді.

Қазақстанның құрылыс саласына қосқан үлесі үшін «Құрмет» мемлекеттік орденінің иегері.



*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие


ARMAN
TOWN
COMFORT +
А БЛОГЫ




# АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

Тұрғын үй кешені заманауи архитектура стилінде орындалған, мұнда ықшам пішіндер көрнекі жеңілдікпен және мұқият ойластырылған сыртқы көрініспен тамаша үйлеседі. Ғимараттардың айқын геометриясы мен қасбеттерді безендірудің заманауи тәсілі кешеннің қарқынды қалалық ортаға үйлесетін біртұтас және айқын келбетін қалыптастырады.

Қасбеттердің ақшыл реңктері сызықтардың тазалығын айқындап, кеңдік сезімін тудырады. Үлкен терезе ойықтары пәтерлерді табиғи жарыққа толтырып, қалаға және кешеннің ішкі кеңістіктеріне тамаша көрініс ашып, жайлылық пен ашықтық сезімін күшейтеді.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

**COMFORT +**




# ОҢАША АУЛА

Arman Town Comfort+ аумағы бүкіл отбасы әр күнін қауіпсіз әрі жайлы өткізетіндей етіп жасалған. Аулаға көлік кірмейді, ал 24/7 жүргізілетін бейнебақылау мен тәулік бойы жұмыс істейтін күзет ата-аналарға жан тыныштығын, балаларға еркіндікті қамтамасыз етеді.

Балаларға арналған ойын аймақтары «Наш двор» компаниясының сапалы элементтерімен: айналмалы және тербелмелі әткеншектермен, сырғанақтармен, құм алаңдарымен, жаппалармен және самалжайлармен жабдықталған. Мұнда балалар ойын ойнайды, әлемді таниды, достар табады, ал ата-аналар олардың қауіпсіздігіне сенімді болады.

Ересектер үшін орындықтары мен шағын үйлері бар, демалуға жайлы орындар, гамактары мен самалжайлары бар тыныш аймақтар қарастырылған, ал серуендейтін саяжолдар мен жасыл желек үйлесім мен тыныштық атмосферасын қалыптастырады.

Arman Town жайлылықты, қауіпсіздікті және мұқият ойластырылған демалысты біріктіреді, мұнда әркім демалатын, ойнайтын және адамдармен араласатын орын табады, ал өмір жеңіл, тыныш және қуанышқа толы болады.

COMFORT +

24/7 бейнебақылау
және күзет бекеті

Ауланың
экологиялық
тұжырымдамасы

Көгалдандыру

Тыныш
аймақтар

Жабық және
қауіпсіз аула

BBQ
аймағы





*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие




# ДӘЛІЗДЕРДІҢ СӘНДІ ИНТЕРЬЕРІ

Arman Town кіреберіс аймақтары үйдің ыңғайлы әрі тыныш жалғасы ретінде ойластырылған.

Мұнда жайлылық алғашқы қадамдардан — тазалықтан, жарықтан және кеңістіктің түсінікті ұйымдастырылуынан басталады.

Дәліздерде арбалар тұрағы, жұмсақ жиһазбен жабдықталған жайлы күту аймақтары, бәрі өз орнында орналасқан жинақы лифт дәліздері қарастырылған.

Заманауи электронды құлыптар үйге ыңғайлы және бақыланатын кіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Интерьер сәндік элементтермен және үйге тән жылы атмосфера қалыптастыратын картиналармен толықтырылған.

Бұл — кірген кезде аялдауға, қонақтарды қарсы алуға немесе шығар алдында асықпай жиналуға ыңғайлы орын.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

COMFORT +



IP домофон жүйесі, электронды құлыптар

24/7 бейнебақылау

Жұмсақ күту аймағы

Өтпелі кіреберістер

Арбалар тұрағы

Витражды әйнектелген кіру тобы



# СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Жарық пен жылуға толы бұл пәтерлерде жайлылық үшін барлық жағдай жасалған. Жайғасымын мұқият ойластырып, аймақтарға сауатты бөлу әр кеңістікті функциялы етеді, ал форматын таңдау дәл сізге қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Сіздің өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде сіздің жаңа тарихыңыз басталады.

- Бүкіл пәтер, соның ішінде санитарлық торап жөндеуден өтіп, дайын күйде ұсынылуы уақыт пен қаражатты үнемдейді — жай ғана кілтін алып, бірінші күннен бастап рахатын көріңіз.
- Бастапқы әрлеу өзінің дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндерге арналған.

**Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс**

Алдын ала және дайын әрлеу

Пәтер конфигурациясы: 1 бөлмеден 4 бөлмеге дейін

Пәтер ауданы - 42–110 м$^2$

Есік ойықтарының биіктігі - 2,3 м-ге дейін

Электрлік құлыптар




ARMAN TOWN
COMFORT LITE
B, F БЛОКТАРЫ




# АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

Comfort Lite архитектурасы — күнделікті өмірді жайлы ететін қолайлы әрі заманауи архитектура.

Ғимараттардың қарапайым және түсінікті пішіндері тыныш әрі ұқыпты көрініс беріп, қалалық ортаға үйлесімді кірігеді.

Қасбеттер ақшыл, бейтарап гаммада безендірілген және сызықтардың тазалығы мен реттілік сезімін береді. Мұқият ойластырылған терезелер пәтерлерге табиғи жарықтың мол түсуін қамтамасыз етіп, кеңістікті күні бойы жарық әрі жайлы етеді.

Архитектура функционалдылық пен ыңғайлылықты басты назарға алған: артық ештеңе жоқ — тек өмір үшін маңызды нәрселер ғана бар. Бұл үйлер ұтымды тәсілді, сенімділікті және күнделікті жайлылықты бағалайтындарға арналған.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

COMFORT LITE



*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

# ЖАБЫҚ АУЛА

Arman Town Comfort Lite ауласы тыныш әрі ыңғайлы күнделікті өмірге арналған. Мұнда серуендеуге, демалуға және балалармен уақыт өткізуге өте ыңғайлы — көлік жүрмейді, артық қарбалас жоқ.

Балалар үшін «Наш двор» компаниясының сенімді элементтерімен: айналмалы және тербелмелі әткеншектермен, сырғанақтармен жабдықталған ойын алаңдары қарастырылған.

Бұл — үй жанындағы белсенді ойындарға, басқа балалармен араласуға және өзі үшін алғашқы жаңалықтарды ашуға арналған кеңістік.

Ересектер тыныш аймақтарда демалып, таза ауада уақыт өткізеді немесе абаттандырылған аумақта серуендейді. Жасыл желек пен мұқият ойластырылған аймақтар үйлесім мен реттілік сезімін береді.

Аулада бәрі қарапайым әрі ыңғайлы: ойнауға, демалуға және қала өмірінің жайлы ырғағында отбасының күнделікті өмір сүруіне қолайлы.

COMFORT LITE

24/7 бейнебақылау
және күзет бекеті

Ауланың
экологиялық
тұжырымдамасы

Көгалдандыру

Тыныш
аймақтар

Жабық және
қауіпсіз аула





*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие




# ДӘЛІЗДЕРДІҢ СӘНДІ ИНТЕРЬЕРІ

Comfort Lite кіру топтары ыңғайлылық пен қолайлылыққа баса назар аудара отырып жобаланған. Кеңістіктер әр күніңіз ыңғайлы әрі ретімен басталып-аяқталатындай етіп ұйымдастырылған.

Вестибюльдерде арбалар тұрағы, ыңғайлы лифт дәліздері және түсінікті навигация қарастырылған. Электронды құлыптар үйге заманауи әрі сенімді кіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Дәліздердің интерьері сәндік элементтермен және жағымды әрі жайлы атмосфера қалыптастыратын картиналармен ұстамды әрі мұқият безендірілген.

Comfort Lite дәліздері — тұрғындардың күнделікті пайдалануына жайлы етіп жасалған функционалды және мұқият ойластырылған орта.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

COMFORT LITE



IP домофон жүйесі,
электронды құлыптар

24/7
бейнебақылау

Қабаттардағы
навигация

Арбалар тұрағы

Витражды
әйнектелген
кіру тобы






# СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Жарық пен жылуға толы бұл пәтерлерде жайлылық үшін барлық жағдай жасалған. Жайғасымын мұқият ойластырып, аймақтарға сауатты бөлу әр кеңістікті функциялы етеді, ал форматын таңдау дәл сізге қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Сіздің өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде сіздің жаңа тарихыңыз басталады.

- Бүкіл пәтер, соның ішінде санитарлық торап жөндеуден өтіп, дайын күйде ұсынылуы уақыт пен қаражатты үнемдейді — жай ғана кілтін алып, бірінші күннен бастап рахатын көріңіз.
- Бастапқы әрлеу өзінің дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндерге арналған.

**Терезелерде балалардың құлауынан қорғаныс**

Негізгі және таза әрлеу

Пәтерлердің конфигурациясы: 1 бөлмеліден 4 бөлмеліге дейін

Пәтерлердің ауданы: 31-115 $м^2$

Есік ойықтарының биіктігі: 2,3 м дейін

Электронды құлыптар



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

# КӨГАЛДАНДЫРУ

Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан  аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ  түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгеретінін бақылау сондай ғанибет.

## Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:

- Қолайлы микроклимат
- Үйлесімді түс композициялары
- Өсімдіктерге күтім жасау
- Жан-жақты ойластырып, өсімдіктерді аймақтарға бөлу

# ШУДАН ОҚШАУЛАУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ ACOUSTIC PRO ЖҮЙЕСІ

бейнежазбаны көру үшін басыңыз







Пәтераралық шудан оқшаулауды жақсартуға бағытталған шешімдердің арқасында шулы көршілеріңіз енді жайсыздық тудырмайды. Біз Acoustic Pro сияқты дыбыс оқшаулайтын арақабырғалар заманауи технологияларын енгіземіз.

Acoustic Pro — арнайы BI Group үшін Корея Республикасының сарапшыларымен бірлесіп әзірленген жүйе, екі қабат гипсті қатырмадан тұратын, бір жағында минералды мақта тақтасы мен қалыңдығы 100 мм газ блогы, екінші жағында минералды мақта тақтасы мен екі қабат гипсті қатырма бар көп қабатты конструкция болып табылады.

Бұл технологияда әртүрлі материал түрлері: дыбысты жұтатын жұмсақ элементтер және оны қайтаратын қатты элементтер қолданылады. Осындай үйлесімнің арқасында тамаша дыбыс оқшаулау көрсеткіштеріне қол жеткізіледі. Арақабырғалардың қалыңдығы тұрғын үйдің пайдалы ауданын барынша сақтайтындай етіп мұқият есептелген.

# ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШУДАН ОҚШАУЛАУ

## Қалқымалы еден




Біз пәтерді жоғарғы жақтағы шудан оқшаулау үшін «қалқымалы еден» технологиясын қолданамыз.

Бұл — тұтастырғышты құяр алдында қабырғалар мен еденге тығыз жанасатын, қалыңдығы 1 см көбікті полипропилен қабаты төселетін ерекше жүйе. Осының арқасында көршінің жүрген немесе ролик тепкен кездегі шуы «қалқымалы еденге» тиімді түрде сіңеді.

# BIG+ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН ПӘТЕРЛЕРІ

Таза әрленген пәтерлер — жылжымайтын мүлік саласындағы әлемдік стандарт.

Бүкіл дүние жүзінде пәтерлер таза әрленген күйде пайдалануға беріледі, өйткені бұл жалпы шығынды азайтады, уақытты үнемдейді және сатып алушыларды жөндеу машақатынан арылтады. BI Group жөндеуден өткен және сантехникасы орнатылған, бірінші күннен бастап тұра беруге болатын BIG+ пәтерлерін ұсынады.

Мұқият ойластырылған эргономика мен дизайнерлік жөндеу ұзақ уақыт күтіп, артық шығын шығармай, бірден көшіп келіп, тұра беруге мүмкіндік береді. Көшу енді күйзеліспен және ұзаққа созылатын жұмыстармен байланысты болмайды. Өміріңіздің жаңа кезеңі оңай, жайлы және уақтылы басталуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасадық.

- Уақыт пен жүйкені сақтау
- Ақшаны үнемдеу
- 1 жылға кепілдік
- «Көшіп келіңіз де, тұра беріңіз» тұжырымдамасы
- Жөндеу құнын ипотекаға қосу мүмкіндігі



| Конструктивтер | BIG Basic<br>Сұр/Қоңыр сарғыш | BIG Optima<br>Сұр/Қоңыр сарғыш |
|---|---|---|
| Есік жиынтығы | 2,2 м Belwooddoors (Белоруссия) | 2,2 м Belwooddoors (Белоруссия) |
| Ламинат | 33-ші класс, қиықжиегі бар | 33-ші класс, қиықжиегі бар |
| Еденкемерлер | Полиуретан, 8 см | Полиуретан, 8 см |
| Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден | | ✓ |
| Қабырғадағы сәндік профиль | | ✓ |
| Санитарлық тораптағы еден керамикалық плиткасы | 600х600 мм (Қазақстан) | 600х600 мм (Қазақстан) |
| Қабырғадағы керамикалық плиткасы | 600х600 мм (Қазақстан) | 1200х600 мм (Қазақстан) |
| Лас аймақ пен балкондағы керамикалық плиткасы | 600х600 мм (Қазақстан) | 600х600 мм (Қазақстан) |
| Ас үй бөлмесіндегі фартук керамикалық плиткасы | 1200х600 мм (Қазақстан) | 1200х600 мм (Қазақстан) |
| Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз | ✓ | ✓ |
| Тұсқағаз | боялатын, 130 гр | боялатын, 130 гр |
| Қабырғадағы бояу | SHEBER Maler (Қазақстан) | Marshal Euro 7 (Түркия) |
| Төбе | Кермелі төбе | Кермелі төбе |
| Төбедегі көлеңкелі профиль | | ✓ |
| Төбедегі тығыздағышы бар багет | ✓ | |
| Жарықтандыру | Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар | Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар |
| Розеткалар/Ажыратқыштар | Auroom (Қазақстан) | Schneider Electric (Франция) |
| Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар | Haiba (Қытай) | Grohe (Германия) |
| Инсталляция | Visam Slim (Қытай) | Grohe (Германия) |
| Унитаз | Saniteco (Қытай) | Saniteco (Қытай) |
| Ванна | Акрилді 1700х700 мм | Акрилді 1700х700 мм |
| Қолжуғыш | Раковинасы бар ілмелі тумба 610х470 мм | Раковинасы бар ілмелі тумба 610х470 мм |
| Айна | Жарықтандырылатын сәндік | Жарықтандырылатын сәндік |

# BIG BASIC


Кермелі төбе
Софиттер
Керамикалық плитка 600*600
Haiba душ жинағы
Инсталляциясы Visam Slim
Haiba гигиеналық душы
Sanitecо унитазы
Раковинасы бар ілмелі тумба
Керамикалық плитка 600*600


Жарықтандырылатын сәндік айна
Инсталляциясы Visam Slim
Haiba араластырғышы


Софиттер
Кермелі төбе
Керамикалық плитка 1200*600
Auroom розеткалары
33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат


Софиттер
Тығыздағышы бар багет
Кермелі төбе
Belwooddoors есігі биіктігі 2,2 м
Кондиционер астындағы қорытындылар
Бра астындағы қорытындылар
Auroom розеткалары
Полиуретан, 8 см
33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат

# BIG OPTIMA


Кермелі төбе
Софиттер
Grohe душ жинағы
Керамикалық плитка 600*600
Инсталляциясы Grohe
Grohe гигиеналық душы
Раковинасы бар ілмелі тумба
Saniteco унитазы
Керамикалық плитка 600*600


Жарықтандырылатын сәндік айна
Инсталляциясы Grohe
Grohe араластырғышы


Софиттер
Кермелі төбе
Керамикалық плитка 1200*600
Schneider Electric ажыратқыштары
33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат


Софиттер
Belwooddoors есегі биіктігі 2,2 м
Көлеңкелі профиль
Кермелі төбе
Кондиционер астындағы қорытындылар
Бра астындағы қорытындылар
Schneider Electric розеткалары
Полиуретан, 8 см
33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат

# АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

## Электронды құлыптар

Электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады.

Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

### Ашу тәсілдері:

- Face ID
- Саусақ ізі және алақан тамырларының өрнегі
- PIN код
- Карта (RFID)
- Мобильді қолданба

### Қауіпсіздік:

- Бұзып кірген кездегі дабыл
- Қосарлы авторландыру режимі
- Деректерді сақтай отырып, бейнежазбаға тіркеу



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

COMFORT+

# IP-ДОМОФОН ЖҮЙЕСІ

IP-домофон — домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

### Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты панельдің интерфейсі мен түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Тек Comfort+ санатында қарастырылған

COMFORT LITE

# ЖАЙҒАСЫМДАР

* басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз

## Arman Town A

Бөкетов көшесі




Терезелері ауланызға қарайды

Терезелері ауланызға қарайды




## Arman Town B

Бөкетов көшесі




Терезелері ауланызға қарайды

Терезелері ауланызға қарайды



# ФУНКЦИЯЛЫ ҮЙ-ЖАЙЛАР

## Жер асты көлік тұрағы

Жабық көлік тұрағында көлігіңізді ылғал мен жаңбырдан, қатты аяз бен аптап ыстықтан, сондай-ақ зиянкестерден және балалардың абайсыз ойындарынан қорғаңыз. Көлігіңіз алдын ала қыздырмай-ақ жүруге дайын болады.

* бөлек сатып алынады
Comfort+ санатында қарастырылған

## Велосипед тұрағы

Велосипедті бекіту үшін жақын маңнан ағаш, тірек немесе қоршау іздеудің қажеті болмайды. Біз сізге де, айналаңыздағы адамдарға да ыңғайлы велосипед тұрағын қарастырдық.

## Boxroom

Пәтеріңізді маусымдық заттармен ыбырсытпау үшін спорт жабдықтарын, шиналар мен дискілерді, маусымдық киімдерді, құралдарды және көптеген басқа да нәрселерді жеке boxroom-ыңызда сақтауға болады.

* бөлек сатып алынады








Сурет шартты сипатқа ие.




# БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әртүрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әртүрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.

### Еркін жайғасым

Кез келген бизнес-идеяларды іске асыруға арналған

### 3,9 метрге дейінгі биік төбелер

Бизнеске арналған тартымды витриналар

### Өтімділік

Бұл жердегі тұрғын үй, демалыс және іскерлік қозғалыс бизнесті дамытуға тамаша жағдай жасайды

### Витражды әйнектеу

Жылы сериядағы алюминий витражбен әйнектеу. Көп деңгейлі жарықтандыру жасау мүмкіндігі

# ONLINE САТЫП АЛУ

## Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

### Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?

**Уақыт үнемдеу**

Кептелістер, бағдаршамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады

**Икемді төлем тәсілдері**

Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу — өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.

**Ашықтық және сенімділік**

BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

**Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу**

Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз

**Әр кезеңде қолдау көрсету**

Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін жеке менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату кеңсесі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



# ИПОТЕКА

басыңыз да, сайтқа өтіңіз

## Баршаға арналған бағдарламалар

### 0,1%-дан басталатын мөлшерлеме

Ыңғайлы мөлшерлемені таңдап, ай сайынғы төлемдерді өзіңізге қолайлы етіп жоспарлаңыз.

### Қосымша кепілсіз

Кепілге қою үшін қосымша жылжымайтын мүлік іздеуіңізге тура келмейді, кепіл ретінде ипотекаға алынған пәтерді рәсімдеңіз.

### 15-тен көп жеке бағдарлама

Сіздің қажеттіліктеріңіз барынша ескерілетін талаптармен ипотека рәсімдеңіз.

### Қарыз сомасы — 100 млн теңгеге дейін

Сізге ыңғайлы қарыз сомасы пәтер таңдаудағы шектеулерді жояды.

### Бастапқы жарнасы 20%-дан басталады

Бастапқы жарнаға қолыңызда пәтер құнының жартысынан азы болса да, ипотека рәсімдеп, өз пәтеріңізде тұрыңыз.

### Online-ипотека

Банкке бармай-ақ 30 минут ішінде ипотекаға жылжымайтын мүлік сатып алыңыз. Уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеп, бос уақытыңызды сүйікті істеріңізге арнайсыз.



бейнежазбаны көру үшін басыңыз

# BI SERVICE

https://bi.group/ru/page/service

## 20 жыл бойы бізге бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде 500 мыңнан астам тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

## Біз 7 млн $м^2$-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

- > 1 000 тұрғын үй кешені
- > 2 500 коттедж
- > 34 000 тұрақ орны
- > 4 500 кеңсе

## Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- Бірыңғай сапа стандарттары.




Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – $м^2$-іне 290 теңгеден басталады,
офистер – $м^2$-іне 570 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 13 000 теңгеден басталды.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықталуына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты қалыптасады.

# БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ

Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың әрқайсысы өзін үлкен BI отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін олардың бос уақытын ұйымдастыратын және тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.





### Бақыт министрлігінің арқасында барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Таза ауада жаттығу;
- Тауға жорыққа шығу;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Концерттер мен көрмелер;
- Бірлескен мерекелер;
- Аулада фильмдер көру.

# BI GREEN

Ағаш егу — отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.

Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта ектік. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.



# BIG APP МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫ

BIG App — BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.




- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары

- Жылжымайтын мүлік таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу

- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (құрылыс live)

- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі

- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау

- BI Club — жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер

# BI CLUB БЕЙІЛДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, BIcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!




Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

| Жылжымайтын мүлік түрі: | | Пәтерлер | Кеңселер |
|---|---|---|---|
| BI BRONZE | 1 сатып алу | 4% | 5% |
| BI BRONZE+ | 2 сатып алу | 5% | 6% |
| BI SILVER | 3 сатып алу | 6% | 7% |
| BI SILVER+ | 4 сатып алу | 7% | 8% |
| BI GOLD | 5 сатып алу | 8% | 9% |
| BI GOLD+ | 6 сатып алу | 9% | 10% |
| BI PLATINUM | 7+ сатып алу | 10% | 11% |
| BI DIAMOND | | 12% | 13% |

BIcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген сатып алу чегін жүктеңіз!
Толығырақ loyalty.bi.group

# БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

## Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5г,
«Лазурный квартал» ТҮК

Әл-Фараби даңғылы, 3а
Capital Park Sky ТҮК

Рыскулов көшесі, 9
Nexpo Trend ТҮК

## Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55

Желтоқсан к-сі, 28

## Караганда қ.

Бұқар жырау даң.,
51/4-құрылыс.
51 бизнес орталығы

## Алматы қ.

Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО

«Arena Park» бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

## Атырау қ.

Тайманов д-ы 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қаныш Сәтбаев даңғ., 43а
Infinity Mall СОО

## Онлайн сату орталығы

360

Кеңес алу

Үлескерлердің ақшасын тартуға 2025 жылғы 14 шілдедегі №KZ67VWE00002525 рұқсат. Құрылыс салушы — BI Development Astana ЖШС. Уәкілетті компания — IronCity KRG ЖШС. ҚР АК 395-бабына сәйкес, бұл жарнама жария оферта емес.

**Буклеттің жаңартылған күні: 15.07.2026**

BI GROUP